

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 8 қаңтардағы № 2 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 қаңтарда № 19867 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшыларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым

министрлігі

Қазақстан Республикасының
Экология, геология
және табиғи ресурстар
министрінің
2020 жылғы 8 қаңтардағы
№ 2 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер тізбесі

1. "Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығының аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 18-03/57 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10415 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығының аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу қағидаларында:

2-қосымша осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына енгізілетін өзгерістер тізбесіне (бұдан әрі - Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы №18-03/144 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10651 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу тәртібі";

1-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Халықаралық және республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 сәуірдегі №18-03/369 бұйрығында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11266 болып тіркелген, 2015 жылғы 17 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімі осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің
өзгерістер енгізілетін

бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Аңшылардың және аңшылық
шаруашылығы субъектілерінің
қоғамдық бірлестіктері
республикалық
қауымдастығының
аңшылық минимумы бойынша
емтихан өткізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Аңшылық минимумы бойынша емтихан өткізу туралы сертификаттарды тіркеу журналы

(аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығы филиалының немесе өкілдігінің атауы)

№	Сертификат иесінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі	Тұрақты тұратын жерінің мекенжайы	Сертификаттың нөмірі, берілген күні	Алғаны туралы қолы
1	2	3	4	5

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктері республикалық қауымдастығы филиалының немесе өкілдігінің басшысы

(қолы) _____ (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі) _____
20__ жылғы " ____ " _____

Мөрдiң орны
(жеке кәсiпкерлер
болып табылатын
тұлғаларды қоспағанда)

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрлігінің
өзгерістер енгізілетін
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Аңшылықта пайдаланылатын
аңшы жыртқыш құстарды
есепке алуды жүргізу және
тіркеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кімге _____

_____ (қауымдастықтың толық атауы)

_____ (заңды тұлғаның атауы немесе тегі, аты,

_____ әкесінің аты (бар болса), ЖСН)

_____ (мекенжайы, телефон және факс нөмірі)

Аңшы жыртқыш құстың паспортын ресімдеуге арналған өтініш

Аңшы жыртқыш құсының паспортын ресімдеуді сұраймын

Аңшы жыртқыш құстың түрі, жынысы, туған жылы _____

_____ Ұстау мақсаты және орны _____

_____ Ие болу тәсілі _____

_____ Алынбайтын сақиналары немесе микрочиптерінің болуы туралы мәліметтер _____

_____ 20 __ жылғы _____

_____ (өтінім берілген күн)

_____ (қолы, аты, әкесінің аты, тегі)

Мөрдiң орны

(жеке кәсіпкерлер

болып табылатын

тұлғаларды қоспағанда)

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрлігінің

өзгерістер енгізілетін

бұйрықтарының тізбесіне

3-қосымша

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің

Республикалық маңызы бар сулы-батпақты алқаптардың тізімі

№	Сулы-батпақты жерлердің атауы	Орналасуы	Көлемі, гектар
1	Жаркөл көлдер тобы	Ақмола, Қостанай облыстары	8 818
2	Жұмай-Майшұқыр көлдер тобы	Ақмола облысы	12 490
3	Құмдыкөл-Жарлықөл көлдер тобы	Ақмола облысы	20 350
4	Тұзашы және Қарасор көлдері	Ақмола облысы	8 582
5	Ұялышалқар көлдер тобы	Ақмола облысы	20 360
6	Қаратал өзенінің төменгі сағасы	Алматы облысы	102 195
7	Сорбұлақ көлі	Алматы облысы	18 540
8	Топар көлдер жүйесі	Алматы облысы	32 530
9	Еділ атырауының қазақстандық бөлігі. Жамбай	Атырау облысы	289 075
10	Ембі өзенінің төменгі сағасы	Атырау облысы	208 990
11	Зайсан көлінің көршілес акваторийімен Қара Ертіс өзенінің атырауы	Шығыс Қазақстан облысы	104 200
12	Марқакөл көлі	Шығыс Қазақстан облысы	75 048
13	Ақжар алабы	Жамбыл, Түркістан облыстары	25 714
14	Көшім көлдері	Батыс Қазақстан облысы	175 315
15	Шалқар көлі	Батыс Қазақстан облысы	27 530
16	Балықтыкөл көлі	Қарағанды облысы	10 430
17	Қарасор көлі	Қарағанды облысы	37 286
18	Сасықкөл көлі	Қарағанды облысы	3 200
19	Қамыс-Жаманкөл көлдері тобы	Қостанай облысы	3 940
20	Ақжан көлі	Қостанай облысы	3 026
21	Батпақкөл көлі	Қостанай облысы	2 690
22	Бозшакөл көлі	Қостанай облысы	3 520
23	Құсмұрын көлі	Қостанай облысы	92 510
24	Орыс Жаркөлі көлі	Қостанай облысы	12 774
25	Сұлукөл көлі	Қостанай облысы	3 091
26	Мамыркөл көлі	Қостанай облысы	1 875
27	Санкебай көлдері	Қостанай облысы	4 675
28	Сарықопа көлдер жүйесі	Қостанай облысы	51 200
29	Шошқалы көлдер жүйесі	Қостанай облысы	13 580
30	Қаракөл көлі	Маңғыстау облысы	5 270
31	Қорғанкөл көлі	Павлодар облысы	1 097
32	Ақсуат көлі	Солтүстік Қазақстан облысы	4 589

33	Балықты көлі	Солтүстік облысы	Қазақстан	4 138
34	Үлкен Қақ көлі	Солтүстік облысы	Қазақстан	11 500
35	Жалтыр көлі	Солтүстік облысы	Қазақстан	2 594
36	Жыланды көлі	Солтүстік облысы	Қазақстан	3 410
37	Кіші Қақ көлі	Солтүстік облысы	Қазақстан	9 721
38	Тереңкөл көлі	Солтүстік облысы	Қазақстан	835
39	Сорбалық-Майбалық көлдер тобы	Солтүстік облысы	Қазақстан	3400
40	Шағлытеңіз көлі	Солтүстік облысы	Қазақстан	34 750
41	Шу өзенінің төменгі сағасы	Түркістан облысы		147 950
42	Қызылкөл көлі	Түркістан облысы		4 160
43	Шардара су қоймасы	Түркістан облысы		113 000
44	Шошқалы көлдері	Түркістан облысы		53 460

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК